БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры _______
Г.Қ.Әлжаппар
«___»_____2020 жыл

# «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметі туралы ереже

**I. Жалпы ережелер**

1.1. «Адал ұрпақ» ерікті клубы-мектептегі құқықтық білім, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау үшін құрылған ерікті бірлестік.

1.2. «Адал ұрпақ» ерікті клубы-білім алушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің құрылымдық бөлігі болып табылады.

1.3. «Адал ұрпақ» ерікті клубы–мектеп директоры бекіткен ереже негізінде, клубтың жетекшісі бастауымен жұмыс атқаратын бірлестік.

1.4. «Адал ұрпақ» ерікті клубының қызметі осы ереже негізінде жүзеге асырылады.

1.5. Клуб жұмысын реттейтін ішкі құжаттарды жетекші өзі әзірлейді, мектеп директорына ұсынады.

**II. Мақсаттары мен міндеттері**

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет;
2.2. Мөлдір және ашық оқу орны;
2.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді ендіру арқылы оқу сапасын арттыру;
2.4. Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама;
2.5. Ақпараттық қолдау;
2.6. Білім саласының барлық субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылығын көтеру;
2.7. Білім саласы субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын өсіру.

**III. Клуб қызметінің принциптері**

3.1. Еріктілік;
3.2. Жариялық және ашықтық;
3.3. Клуб мүшелерінің құқықтық мәдениеті;
3.4. Клуб өмірін ұжымдық түрде ұйымдастыру;
3.5. Клубтың әр мүшесінің қызығушылығын, арын және пікірін құрметтеу.

**IV. «Адал ұрпақ» ерікті клубының рәміздері**

4.1 Клуб эмблемасы

**V. Клуб құрылымы және оның жұмысын ұйымдастыру**

5.1 Клуб жұмысына қатысуға ынта білдірген білім алушылар клуб мүшелігіне қабылданады
5.2 Клуб жиналысында ауызша өтініш білдіру арқылы клуб мүшелігіне қабылдануға болады.
5.3 Клуб отырыстары кем дегенде тоқсанына 1 рет өткізіледі.

**VI. Клуб жетекшісі**

6.1. Клуб қызметін ұйымдастырады;
6.2. Кезектен тыс отырыстың өткізілуі туралы шешім қабылдайды;
6.3. Әкімшілік кеңестерде, білім алушылардың жалпы жиналыстарында клуб жұмысының барысымен таныстырады.

**VII. Клуб мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

7.1. Клуб мүшелері бірдей құқыққа ие;

7.2. Өз еркімен клубқа кіру және клубтан шығу;

7.3. Кезектен тыс отырыстың өткізілуі туралы шешім қабылдайды;

7.4. Әкімшілік кеңестерде, конференцияларда клуб қызметімен таныстырады.

7.5. Клуб қызметінің сұрақтары бойынша өз пікірін білдіріп, ұсыныс жасауға;

7.7. Маңызды шараларды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстар жасау.

**VIII. Клуб мүшелері төмендегідей міндеттемелерді өз еркімен қабылдайды**

8.1. ҚР заңнамасы, өз қызметіне қатысты халықаралық құқықтық жалпыға міндетті принциптері мен нормаларын, сонымен қатар «Актайлак негізгі орта мектебі» КММ

8.2. Жарғысымен белгіленген нормаларды сақтау;

8.3. Осы ереженің талаптарын орындау;

8.4. Клуб беделін қорғауға, оның жұмысын насихаттау.

**IX. Қорытынды ережелер**

Клуб заңды тұлға болып саналмайды, өз қызметін қоғамдық негізде атқарады, коммерциялық емес бірлестік болып табылады, мектеп аумағында ғана қызмет етеді.

Клуб жетекшісі: Зарлыкова Ж.Ж.

Клуб хатшысы: Хасен Қ.